

**«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Кошымов Ақнур Оразғалиевнаның
«VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарының
этногенезінің қалыптасуындағы орны» атты тақырыпта жазылған
диссертациялық жұмысына ресми**

ШКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Тарих ғылымының үздіксіз зерделеу мәселелері қатарында, түркі халықтарының этногенезі, мемлекеттік құрылымы мен мәдени мұрасының өзіндік алатын орны ерекше. Қазіргі таңдағы заманауи тарихи сананы жаңғыртудағы ажырамас аспектілерді, ұлттық бірегейлік пен мәдени ұйысудың тарихи бастауларын ортағасырлық түркі дәуірінен айшықтаған жөн. Евразия даласындағы күрделі этникалық үдерістердің толассыз жүруін, уақыт кеңістігінде түркі дәуірімен сипаттауға болады. Осы бағыттағы зерттеулер арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асты. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша араб, парсы, қытай, тілдеріндегі деректер жинақталды. Осы деректер негізінде кешенді саралау мен зерделеу жұмыстары «Халықтар тарих толқынында» бағдарламасында жүзеге асты. Ғылыми айналымға енген деректер мен арнайы зерттеулердің нәтижелері халық санасының өзіндік даму зердесі деңгейін белгілеуге мүмкіндік берді. Әлем тарихындағы халықтық өзгерістер мен этникалық үдерістердің тұжырымдамалық негіздемесін қалыптастыру, талдау өз жалғасын табуда. Евразия даласында ортағасырлық кезеңдегі халықтардың қандай да бір компоненттері өзгеріп, бірақ этникалық сана-сезімнің ауыспауы этноэволюциялық немесе өзіндік сананың өзгеруі кезіндегі этнотрансформациялық түрлерінің орын алуын атап өтуге болады.

Сонымен қатар, этникалық процестердің екі негізгі типологиясы: этникалық бөліну мен этникалық бірлесу түркі дәуіріне тән құбылыс. Этникалық бірлесу бұл өзгеше, ұзаққа созылған, толассыз құбылыстың: консолидация, ассимиляция, интеграция, этногенетикалық миксация түрлерінің тұжырымдамалық негізін талдау диссертацияның ғылыми мазмұнын толық ашады.

Ізденуші осы тарихи кезеңдегі этникалық бірігудегі тілдік, туыстық, мәдени факторлармен қатар, геоэлеметтік тұжырымдаманы назарға алады. Түркі халықтарының этногенезіндегі кейбір тайпалардың (диссертацияда - оғыздар) ықпалының айырықша болуына деректік, тұжырымдамалық түсінікті қамтыған. Диссертацияда этникалық үдерістерді - әрбір әлеуметтік-тарихи организмнің тарихи дамудың салыстырмалы дербес бірлігі ретінде сипаттайды. Бір әлеуметтік-тарихи организмнің тарихи үдерісте түрлі әлеуметтің құрамына енуі арқылы халықтардың тарихи тағдырын білдіреді. Осылайша дербес этникалық қауымдастыққа ыдарауы мен бірігуін (оғыздар

мысалында) қатар бақылауға болады. Ізденуші жаңа этностардың қалыптасу кезінде мәдени және тілдік жақындасу дәрежесімен қатар, әлеуметтік шекараның шешуші рөл атқаратынын дәйектеген.

Диссертацияда түркі халықтарының тарихи тағыдырының ортақтығы аталып өтіп, этникалық үдерістердің түркі кезеңіне тән сипаты ретінде, тайпалардың алғашқыда шоғырлануы (консолидациясы) жүрсе, кейін олардың дербес этностардың қалыптасуына ықпалына мән берген. Сонымен қатар, геоәлеуметтік және демоәлеуметтік ұғымдар аясындағы ұстанымдарды талдайды.

Түркі халықтарының тарихының зерттелуге тиісті этникалық мәселелері бүгінгі түркі әлемінің өзіндік тарихи санасының қалыптасуына, ортақ мәдени мұрасының руханилық ұғымдар мен түсініктерді енгізуге, дәріптеуге мүмкіндік береді. Диссертация тұжырымдары мен ұсынған нәтижелерінен қазіргі жаһандану үрдісінің тиісті жауаптарды табуға болады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

1. Түркі халықтарының этногенез мәселесінің тұжырымдамалық негізі отандық, шетелдік тарихнамадағы ұстанымдарды талдау арқылы айшықталған. Түркі халықтарының этникалық компоненттерін, миграциясын, этникалық қауымдастықтың қалыптасуы және ұйысу ерекшеліктерінің түрлі кезеңдері мен сатыларын, этноинтеграциялық және этноконсолидациялық тенденциялар сипаты нақтыланған.

2. Тарихи сабақтастықтың сипатын Оғыздардың ежелгі тайпалар тарихымен байланыста қарастырады. Этникалық үдерістің үздіксіз түріне қатысты бірігу мен шоғырлануының тарихи кезеңдерін енесай қырғыздары мен оғыз тайпаларының арасындағы этникалық жақындықты ауызша деректер негізінде дәйектеген.

3. Әзербайжан, түрікмен, осман түріктері тәрізді халықтардың этникалық тарихындағы оғыздық компоненттің орын алғандығы миграциялық үдерістер нәтижесінде осы аймақтарға келген оғыз тайпаларының жер-су атауларында сақталуымен байланыстырыла отырып анықталған. Сондай-ақ, эпостық және басқа да шығармалардың қаһармандары, түрлі аймақтардағы мифтер мен аңыздардың мазмұндық ұқсастығына қатысты талдаулар жасалынған. Кеңінен таралған этногенетикалық сюжеттердің, фольклорлық үлгілердің ортақтағы олардың этногенезіндегі Оғыз компонентінің ортақ болуымен түсіндірілген.

4. Кейіннен Ұлы жүз тайпалары мекендеген Жетісу аймағындағы жалайыр, қаңлы, ошақтылардың оғыздар бірлестігі құрамындағы тайпалармен этникалық байланысы талданып ашылған.

5. Оғыздарға тиесілі этнонимдер мен топонимдерді зерттеу барысында пайдаланылған жазба деректер мәліметтерін, лингвистикалық талдау нәтижелерімен салыстырмалы талдаулар жасалынып, найман, божбан (қоңырат тайпасының құрамындағы) тәрізді ру-тайпалардың қалыптасуында оғыздардың өзіндік орны көрсетілген.

6. Ортақ этникалық үдерістердің белгілері нақтыланып, түркі халықтарының ортақ тарихи бастауларын этномәдени байланыстар мен тайпалық одақтар арасындағы қарым-қатынастар тұрғысында дәйектелген. Қазақтардың құрамындағы адай, жаппас тәрізді рулардың таңбалық белгілерінің түрікмендердегі салорлардың рулық таңбасымен сәйкестігі дәйектелген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Түркі халықтарының этникалық үдерістерін талдаудың тұжырымдамалық ұстанымдары негізделді.

Екінші ғылыми нәтиже. Деректер, арнайы зерттеулер, пәнаралық және археологиялық зерделеу нәтижелерін ауызша тарихнама мәліметтерімен салыстыра отырып, Енесай қырғыздары этногенезіндегі оғыз компонентінің орны анықталды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Түрікмен, әзербайжан, осман түріктерінің қалыптасуындағы оғыз ықпалдастығы миграциялық, рухани-мәдени байланыстармен және оғыз тайпаларының қалдырған этникалық іздері – топонимдік атаулар талданды.

Төртінші ғылыми нәтиже. Жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларымен оғыздардың этнотарихи сабақтастығын фольклорлық және шежірелік мәліметтер арқылы негізделді.

Бесінші ғылыми нәтиже. Найман, қоңырат ру-тайпалық бірлестіктерімен оғыздардың этногенетикалық байланыстарына баға берілген.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Адай, шеркеш, жаппас руларының оғыз этногенезімен тарихи байланысын анықтауда археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған таңбалық белгілер мен жазба деректік мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізілген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, этникалық үдерістерді зерттеудегі концептуалды ұстанымдар геоэлеметтік тұжырымдама тұрғысында дәйектеледі.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа болып табылады, Енесай қырғыздарының қалыптасуында оғыз компонентін анықтауда пәнаралық және генетикалық зерттеу тәсілдері қолданылған.

Үшінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы жаңа болып табылады, оғыздардың этникалық сабақтастығы түрікмен, анадолы түріктері, әзербайжандар және байырғы қазақ тарихымен тікелей байланыста ауызша дерек мәліметтерінің негізінде қарастырылады;

Төртінші ғылыми нәтиже – салыстырмалы түрде жаңа болып табылады жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпалық бірлестіктерінің оғыздармен ортақтығы этнолингвистикалық талдау, фольклорлық және шежірелік деректер арқылы айғақталады;

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа болып табылады, Найман, Божбандардың (Қоңырат руына қарасты) оғыз тайпаларымен этникалық байланысына қатысты жаңа болжамдар ұсынылған; кейінгі түркітілдес халықтардың ежелгі ру-тайпалармен тарихи тұтастығы жайында болжамдар жасауға мүмкіндік беретін нәтижелер алынды;

Алтыншы ғылыми нәтиже – жаңа болып табылады, Адай, Жаппас, Шеркеш руларының оғыздармен этникалық байланысында бірегейліктің маңызды белгілерінің бірі саналатын таңбалар мен ұрандар анықталды.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертация жұмысы материалдарын VIII-XIII ғасырлардағы түркі халықтарының этникалық мәселелеріне арналған арнайы курстарда дәріс, семинар барысында студенттер мен ізденушілердің, оқытушылардың пайдалануына болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Кошымова Акнур Оразгалиевнаның диссертациялық жұмысының негізгі қол жеткізілген нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары апробациямен дәлелденген. Олардың ішінде 5 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енген ғылыми басылымдарында, 7 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 2 мақала Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар бірқатар кемшіліктерін де атап өту орынды деп ойлаймыз.

Біріншіден, Оғыздардың диссертацияда қарастырылған халықтармен этномәдени ортақтығынан тыс, тұрмысына қатысты мәліметтерге де археологиялық деректер тұрғысында көңіл аударылуы қажет еді.

Екіншіден, диссертацияда «үш оғыз», «сегіз оғыз», «тоғыз оғыз», «отыз оғыз» тәрізді оғыздық сандық-бірлестіктерге жеке тоқталып өткенде жұмыстың мазмұнын арттыра түсер еді.

Дегенмен де жоғарыда аталған ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу дәрежесі, ғылыми маңыздылығы мен құндылығын жоғалтпайды.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жұмыстағы ғылыми нәтижелері анық және бірізді, құрылған жоспар мен талданған мәселелерқазіргі тарих ғылымындағы ұстанымдарға және пәнарлық байланысты қамтиды. А.О. Кошымованың диссертациялық жұмысы толық аяқталған, алға қойған мақсаттары мен міндеттеріне жеткен және қазақстандық тарих ғылымындағы ортағасырлық кезеңіне қатысты зерттеулерге қосатын үлесі ерекше.

Сондықтан, Кошымова Акнур Оразғалиевнаның «VIII-XIII ғасырлардағы Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны» атты диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді, жұмыстың авторы «6D020300 - Тарих» мамандығы бойынша PhD докторы атағын алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Ш.Уәлиханов атындағы тарих институтының доценті, т.ғ.к.



Е.М. Ужкенов

«14» мамыр 2019 жыл.